


Фармацевтика өнеркәсібі бойынша 2020 ж. қаңтар-қараша айларына арналған дайджест




Фармацевтика өнеркәсібінің өндіріс көлемінің динамикасы, млрд. теңге



Түсінік:


- Фармацевтика өнеркәсібінің өндіріс көлемі **2020 ж. қаңтар-қарашада** 125 млрд теңгені құрады (НКІ – 139,5%). Өсу ТМДКК шеңберіндегі мемлекеттік сатып алуларға отандық өндірушілердің қатысуы, сондай-ақ, бөлшек сауда нарығында сұраныстың артуы нәтижесінде болды.
- Өңірлік кесінде отандық фармацевтика өндіріс көшбасшылары Шымкент қ. (39.2%), Алматы облысы (23%), Алматы қ. (20.6%) және Қарағанды облысы болды (10.8%).

ҚР өңірлері бойынша 2020 ж. қаңтар-қарашадағы фармацевтика өнім өндірісі, млн теңге




**Фармацевтика өнеркәсіп өнімінің негізгі түрлерінің
2020 ж. қаңтар-қараша айларын 2019 ж. осы кезеңімен салыстырғандағы
өндіріс көлемі**


Медицинада қолданылатын шприцтер өндірісі



Пенициллин немесе антибиотиктерден тұратын дәрілер




САУДА ЖӘНЕ САТУ НАРЫҒЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ



Экспорт

Фармацевтика өнеркәсіп өнімінің экспорты 2020 ж. қаңтар-қазанда 2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда 4% өсті және 46,9 млн АҚШ долл. құрады. Өсу жеке заттардан немесе заттар қоспаларынан тұратын дәрілік заттар есебінен болды.



Импорт

Фармацевтика өнеркәсіп өнімінің импорты 2020 ж. қаңтар-қазанда 1220,4 млн. АҚШ долл. құрады, бұл, 2019 ж. осы көрсеткіштен 31,2% жоғары. Өсу адам және мал қаны, араласқан және араласпаған өнімдерден тұратын ДЗ есебінен болды.

Фармацевтика өнеркәсіп өнімінің негізгі түрлерінің 2020 ж. қаңтар-қазандағы экспорт/импорт құрылымы

ТАУАР АТАУЫ	ЭКСПОРТ	ИМПОРТ
Жеке заттардан немесе заттар қоспаларынан тұратын ДЗ	85,8%	53,3%
Ветеринарлық вакциналар	5,5%	1,4%
Антибиотиктерден тұратын ДЗ	3,8%	6,9%
Адам қаны; мал қаны	2,3%	10,3%
Пеницилиннен тұратын ДЗ	1,0%	1,5%
Алкалоидтан тұратын ДЗ	0,7%	2,9%
Араласқан немесе араласпаған өнімдерден тұратын ДЗ	0,3%	2,4%
Гормондардан тұратын ДЗ	0,2%	3,5%
Басқа	0,4%	17,8%
Барлығы	100%	100%

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ҚАЗАҚСТАН



Қазақстанда COVID-19 Сколькo наименований лекарств от закупили в



Елімізде сформирован COVID-19 бойынша дәрілік заттардың екі айлық қоры қалыптастырылған.

Бүгінгі күні коронавирус инфекциясымен пациенттер санының айына 60 мың пациентке дейін болжамды өсуіне дайындық шеңберінде стационарларға арналған 44 дәрілік зат сатып алуда.

Қазіргі уақытта COVID-19 арналған 44 дәрілік заттың 41 дәрі-дәрмегі сатып алды.

Еліміздің барлық медициналық ұйымдарында үнемі толықтырылатын айлық қор қалыптастыру жүргізіледі. Осыған байланысты бірыңғай дистрибьютормен сомасы 21 млрд тг. 91 препарат тиелді, 8 отандық тауар өндірушіден 10 млн. медициналық маска сатып алынды. Республикада медициналық қызметкерлер үшін жеке қорғаныс құралдарының 3 айлық қоры қалыптастырылған. Үкімет гуманитарлық көмек шеңберінде алынған 400 000 одноразовых қорғаныс костюмнен АИА резервін құру мәселесін пысықтады.

Бөлшек сауда желісінде дәрілердің жеткіліксіздігіне байланысты республика халқы арасында туындаған жазғы дүрлікпеге ұқсас жағдайға жол бермеу мақсатында Үкімет Бірыңғай дистрибьюторға бөлшек сауда желісінде кейіннен шекті бағамен сату үшін дәрілік заттарды көтерме бағамен сатып алу бойынша функция жүктеді.

Дереккөз: pharmnews.kz

Қазақстанда клиникалық хаттамалар әзірлеу және қайта қарау қағидаларын бекітті



ҚР Денсаулық сақтау министрі 2020 жылғы 12 қарашадағы бұйрығымен клиникалық хаттамалар әзірлеу және қайта қарау

қағидаларын бекітті. Клиникалық хаттамалар ғылыми медициналық орталықтармен (институттармен), жоғары медициналық оқу орындарымен, кәсіби үкіметтік емес ұйымдармен және қоғамдық бірлестіктермен денсаулық сақтау саласында халықаралық аурулар жіктемесінің тиісті кодтарын көрсетумен жеке аурулар, жағдайлар немесе медициналық араласу (аурулар тобы, жағдай немесе медициналық араласу) бойынша әзірленуде.

Бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін 10 күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі (18 қараша).

Дереккөз: pharmnews.kz

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ӘЛЕМ.



Samsung Biologics әлемдегі ең ірі биофармацевтикалық зауыт құрылысын бастады



Оңтүстік корейлік Samsung Biologics компаниясы Инчхонде №4 зауыты құрылысын ресми түрде бастады. Зауыт әлемдегі

өндірістік қуаты 256 000 литр әлемдегі ең ірі биофармацевтикалық өндірістік кешен болады. №4 зауыт құрылысы аяқталғаннан кейін Samsung Biologics компаниясына биофармацевтикалық келісімшарттық өндіріс саласындағы барлық әлемдік өндірістік қуаттың үштен бірі келеді деп күтілуде. №4 зауыт та модульді конструкцияға ие, бұл, кейбір объектілерді тиімді пайдалануға және 2022 ж. аяғында өндірістік қызметті бастауға, мүмкіндік береді. Ал, толық пайдалануға 2023 ж. енгізіледі. Клиенттердің әр түрлі қажеттіліктеріне сәйкес ірі масштабты коммерциялық өндірістен sCMO дейін масштабтауға арналған №4 зауыт көлемі 2000 литрдан бастап 10000 және 15000 литрға дейінгі әр түрлі биореакторлармен бүгінгі күні өте тиімді болады. «Суперзавод» сапаны бақылау зертханасымен ірі масштабты коммерциялық өндіріс пен бастапқы сатыларда әзірлеу мүмкіндігін қоса алғанда, CDO, CMO, CRO процестерінің толық спектрін ұсынатын болады.

Еуроодақ дженериктер қолжетімділігін арттырады



Еуропалық комиссия колжетімді дәрілік препараттарға пациенттердің қолжетімділігін жеңілдету үшін бірқатар

шаралар қабылдауға ниетті. Бұл шара ірі фармкомпаниялардың табысына теріс әсер етуі мүмкін. Еврокомиссиямен дайындалған құжат жобасында дженериктердің қолжетімділігін арттыру және осы жылғы көктемде COVID-19 алғашқы толқынында байқалған дәрілік препараттардың жеткіліксіздігі бойынша шаралар жазылған. Құжатта Еврокомиссия арзан дженериктер және қайта жасалған биологиялық препараттар тарапынан бәсекелестікті қолдау үшін баға саясатын ойластырады делінген. 2022 жылы дженерик өндірушілерді қолдау бойынша бірқатар шаралар қабылданатын болады, соның ішінде, препараттарды нарыққа шығару үшін кедергілерді жою, осы препараттарды денсаулық сақтау жүйесінің қолдануын кеңейту және түпнұсқалық препараттарға клиникалық зерттеулер жүргізуге қойылатын нақты талаптар, бұл, шығарылған препараттарды тіркеуді жеңілдетуі тиіс.

Дереккөз: pharmnews.kz

Дереккөз: pharmnews.kz